

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ереже	34 беттің 1-беті



БЕКІТЕМІН
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы - Ректор
Г.Сугирбаева
 « 2 » 11 2023ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБА)

жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.04-2023

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Академиялық істер департаментінің директоры		Бердалиев Д.Т.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы		Калибаева Д. Б.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Әзірлеген:		
Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы м.а.		Есентуреева Г.Д.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: 1 « 2 » 11 2023ж. « 4 » 11 2024ж. дейін ұзартылды: « » 20 г.	Енгізілді: № 4-24 бұйрық Енгізілген күні: « 2 » 11 2023ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.04-2023 Басылым 1 Тіркеу № 9 Көшірме №
---	--	---

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 2-беті

Мазмұны

1 Қолдану аймағы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер және анықтамалар	4
4 Таңбалар мен қысқартулар	5
5 Жауапкершіліктер мен өкілеттіліктер	6
6 Жалпы ережелер	6
7 Тәуекелдерді басқару	26
А қосымшасы Курстық жұмыстың титул парағының үлгісі	28
Б қосымшасы Курстық жұмысты (жоба) орындауға тапсырма парағының үлгісі	29
В қосымшасы Қолданылған әдебиеттердің тізімін рәсімдеу үлгісі	30
Г қосымшасы Курстық жұмыс (жоба) қорғау хаттамасының үлгісі	32
Д қосымшасы Курстық жұмысты (жоба) тіркеу журналының үлгісі	33
Е қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	34

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 3-беті

1 Қолдану аймағы

1.1 Бұл ереже Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде (бұдан әрі - ОҚПУ) жүргізілетін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына арналған курстық жұмысты (жобаны) жазуға және орындауға жалпы талаптарды белгілейді.

1.2 Ереже талаптары университет білім алушыларының оқу қызметін ұйымдастыратын барлық құрылымдық бөлімшелер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

1.3 Бұл ереже ОҚПУ сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі - СМЖ) құжаттамасына енгізілген.

1.4 Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға таратуға тыйым салынады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

ҚР СТ ИСО 9001:2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

ҚР СТ ИСО 9000:2017 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжатталған ақпаратты басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 5.01-2023 сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Мәліметтерді талдау. Басшылық тарапынан сапа менеджмент жүйесін талдау.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген).

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген).

Ө.Жәнібеков ОҚПУ Адемиялық саясаты (№4 26.10.2023ж).

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген).

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 4-беті

ГОСТ 7.1-2003 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Рәсімдеудің жалпы талаптары мен ережелері;

ГОСТ 7.32-2017 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Зерттеу есебі. Құрылым мен дизайн ережелері;

ГОСТ 2.111-2013. Жобалау құжаттамасының бірыңғай жүйесі. Норманы бақылау;

ГОСТ 2.105-95 Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар;

ГОСТ 2.104-2006 Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі (ЭСКД). Негізгі жазбалар;

ГОСТ 2.316-2008 Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Графикалық құжаттарға жазуларды қолдану ережелері, техникалық талаптар мен кестелер. Жалпы ережелер;

ГОСТ 7.1-84 Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Құжаттың библиографиялық сипаттамасы. Жалпы талаптар мен ережелер;

Университеттің Академиялық саясаты Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қайта қаралып, өзгеріспен бекітілді (№ 4 хаттама, 26.10.2023 ж.).

2.2 Ережеде келесі жазбалар бойынша іс-әрекетке ендіріледі:

- Ф.7.05-01 Курстық жұмыстың титул парағы
- Ф.7.05-02 Курстық жұмысты (жоба) орындауға тапсырма парағы
- Ф.7.05-03 Қолданылған әдебиеттердің тізімін рәсімдеу
- Ф.7.05-04 Курстық жұмыс (жоба) қорғау хаттамасы
- Ф.7.05-05 Курстық жұмысты (жоба) тіркеу журналы

3 Терминдер мен анықтамалар

Ережедеде терминдер мен анықтамалар ҚР СТ ИСО 9000: 2017, ҚР СТ ИСО 9001: 2016.

Оқудағы жетістіктерді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі: Оқу жетістіктерін балмен бағалайтын халықаралық тәжірибеде қолданылатын бағалау жүйесі, дәстүрлі бағалар мен бағаның пайыздық мөлшерін әріптік жүйе бойынша бағалаудан тұратын сандық балама балмен сәйкестендірілген және білім алушылардың рейтингін анықтайтын жүйе;

Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (БӨЖ): өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 5-беті

бөлінеді; БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады.

Білім алушылардың оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы: студенттің оқытушымен бірге отырып орындайтын аудиториядан тыс, оқу сабақтарының кестесінде міндетті түрде көрсетілетін жұмысы; білім алушылардың санатына байланысты бөлінеді: студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы (СОӨЖ), магистранттың оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы (МОӨЖ) және докторанттың оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы (ДООЖ).

Курстық жұмыс: оқу жоспарының жекелеген пәндері бойынша студенттердің кешенді өзіндік жұмысы, түсіндірме жазбадан, жеке бөлімдерден, және графикалық материалдардан (сызба, схема, диаграмма, кесте және т.б.) тұрады, тақырыпты ашып көрсетеді.

4 Таңбалар мен қысқартулар

Бұл ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

ҚР ҒЖЖБМ - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОҚПУ – Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет;

СБӨ - Сапа бойынша басшылықтың өкілі;

МЖМБС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

СЖЖМБ – Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі;

АІДД–Академиялық істер департаментінің директоры;

ОПЦЖӘҚБ– Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі;

ЖООКББ–Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі;

БТҚКБ–Бағдарламалық және техникалық қызмет көрсету бөлімі

СЭР – санитарлық - эпидемиологиялық режим;

ҚОТ – қашықтықтан оқыту технологиясы;

ББ- Білім беру бағдарламасы;

БӨЖ – білім алушылардың өзіндік жұмысы

СОӨЖ – студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы;

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы;

ҚБЖ – Қорытынды біліктілік жұмыс;

ҚА–қорытынды аттестация;

АК–аттестациялау комиссиясы;

КЖ – курстық жұмыс (жоба);

ОН–Оқу нәтижесі

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 6-беті

5 Жауапкершілік пен өкілеттілік

5.1 Бұл ереже ОҚПУ басқарма төрағасы - ректоры бекітеді.

5.2 Осы процедураның мазмұны мен құрылымын жасау, оны СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 талаптарына сәйкес рәсімдеу, бекіту және ендіру, басқару жауапкершілігі академиялық мәселелер жөніндегі басқарма бастығына жүктеледі.

5.3 Осы процедурада белгіленген талаптардың орындалуына байланысты жауапкершілік сапа бойынша басшылық өкіліне және академиялық мәселелер жөніндегі басқарма бастығына және білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысына жүктеледі.

5.4 Процестің нақты кезеңдерін орындау бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен үйлестіру және қорытынды нәтижелердің сапасы бойынша жауапкершілік, осы нақты кезеңнің орындалуына қатысушы, бөлімдердің жетекшілеріне жүктеледі.

5.5 Е-де өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы АІДД енгізеді (**Е қосымшасы**).

6 Процестің сипаттамасы

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Курстық жұмыс (жоба) - жеке, ғылыми, теориялық және практикалық жұмыс түрінде ұсынылған негізгі пәндер бойынша алынған білімді, дағдыларды, дағдыларды бақылау формасы.

6.1.2 Курстық жұмыстың (жобаның) мақсаты - оқу пәнін оқып үйренуде алынған теориялық білімді бекіту және құрылымдау, студенттерде жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, қазіргі ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру, оқу пәнінің бөлімі (оның ішінде әдебиеттер мен электронды ресурстарды талдау мен зерттеу) бойынша тақырыпты тереңдетіп оқу.

ББ бойынша теориялық білімдері мен әдістемелік дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту, және оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді, сонымен қатар, мәдени бағыттағы мәселелерді шешу үшін қолдану.

6.1.3 Курстық жұмыстың (жобаның) міндеттері:

- сәйкес пәндер бойынша теориялық білімді жүйелеу және жалпылау;
- қажетті ақпаратты іздеу мен талдауды қоса алғанда, дербес зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын игеру;
- өзіндік жұмысты орындау дағдыларын дамыту және қарастырылып отырған мәселелерді шешу үшін ғылыми зерттеу мен тәжірибе әдістемелерін меңгеру;

-з амануи өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайларында студенттің өзіндік жұмыстарға дайындығын, сонымен қатар, оның кәсіби құзырет деңгейін анықтау;

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 7-беті

- ББ сәйкес ғылым саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу және өздігінен анықтаудың жалпылама нәтижелерін көрсету;

- тиісті пәндік саладағы өзекті мәселелерді дербес зерттеу;

- теориялық мәселелер мен практикалық мысалдарды талдаған кезде білім алушылардың логикалық ойлауын және өз таңдауы бойынша пікір айту, тұжырымдар мен ұсыныстар жасау қабілетін дамыту;

- жинақталған білімді қолдану, ғылыми-зерттеу, жобалық жұмыстар жүргізу бойынша практикалық дағдыларды алу;

- қойылған міндеттерді шешудің инновациялық әдістерін әзірлеу.

6.1.4 Курстық жұмыс (жоба) білім алушылардың дәріс және практикалық сабақтарда оқу үдерісінде алған теориялық және қолданбалы білімдерін одан әрі дамытуға, зерттеу дағдыларын меңгеруге және басылымдарды дайындауда алғашқы тәжірибені алуға бағытталған.

6.1.5 Курстық жұмысты / жобаны аяқтау студенттерге өз бетінше ғылыми іздену, әдебиетпен шығармашылық жұмыс жасау, фактілік және статистикалық материалдарды іріктеу мен пайдалану, нақты экономикалық өмір фактілерін талдау және ғылыми мәселеге өз қарым-қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6.1.6 Курстық жұмыс ғылыми жетекшінің көмегімен жүзеге асырылады және төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- ғалымдардың, аналитиктердің және практиктердің жүргізген зерттеулерінің, жобалық шешімдерінің нәтижелерін жалпылау;

- зерттеліп отырған нысан бойынша ғылыми негізделген теориялық мәліметтердің болуы;

- нақты тапсырманың орындалуын

6.2 Курстық жұмысты (жобаны) жазу тәртібіне қойылатын талаптар

6.2.1 Курстық жұмыс (жоба) білім беру бағдарламасы бойынша белгілі бір пән бойынша дәріс курстарын, әдебиетті, мерзімді басылымдарды, соның ішінде шет тілдерінде, ережелерді зерделеу мен талдау негізінде жүргізіледі.

6.2.2 Курстық жұмыс (жоба) ББ бағытына байланысты оқу пәнінің іргелі және өзекті мәселелерін қамтуы тиіс. Курстық жұмыстар тақырыптары ББ дайындауының салаларына сәйкес болуы керек.

6.2.3 Курстық жұмыстың тақырыбы өзекті, ғылым, техника және мәдениеттің заманауи күйі мен даму перспективасына сәйкес болып, өндіріс, білім, ғылым және мәдениеттің нақты мәселелерін ескеру қажет.

6.2.4 Курстық жұмыс (жоба сауатты, әдеби және кәсіби тілде жазылуы керек.

6.2.5 Курстық жұмыстың (жобаның) мазмұны тақырыптың атауына сәйкес келуі және оны логикалық тізбекте ашып көрсетуі тиіс. Курстық жұмыстар тақырыптарын шығарушы кафедра анықтап, қарастырылып бекітіледі.

6.2.6 Курстық жұмыста (жобада) педагогикалық және өндірістік практиканың материалдарын қолдануға болады. Курстық жұмыстың тақырыбы

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 8-беті

оқу жылының басында қыркүйек айында анықталып, бекітіледі. Бекітілген курстық жұмыс ауыстырылмайды.

6.3. Курстық жұмысты жазу ретіне қойылатын талаптар

6.3.1 Студент курстық жұмысты жазу үшін кафедраның ұсынуымен ғылыми жетекші таңдайды. Кафедра меңгерушісі курстық жұмыстардың жүйелі түрде орындалуына бақылау жасайды.

6.3.2 Курстық жұмыстың ғылыми жетекшісі, тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр білім алушыға дербес бекітіледі.

6.3.3 Курстық жұмыстардың ғылыми жетекшісі болып университеттің профессорлары, доценттері, аға оқытушылары, магистр оқытушылары тағайындалады.

6.3.4 Курстық жұмыстың жетекшісі:

- Курстық жұмысты орындауға тапсырма береді (**Б қосымша**);
- студентке курстық жұмысты жасаудың толық мерзіміне күнтізбелі кестені құрастыруға көмектеседі;
- студентке керекті негізгі әдебиеттерді, анықтама және мұрағаттық материалдарды, типтік жобалар мен тақырып бойынша басқа да мәліметтерді ұсынады;
- курстық жұмыстың күнтізбелі кестесінің орындалуын бақылап отыру үшін кеңес беру кестесін анықтайды;
- курстық жұмыстың барлық тарауларының көлемін анықтап, студент пен кеңес берушілердің жұмысын үйлестіріп отырады.

6.3.5 Курстық жұмыстың тапсырмасы бастапқы материалдар мен көздердің сипаттамасынан, студенттер құрастырған сұрақтардан, ұсынылған әдебиеттерден, шығармашылық макеттерден (кестелер, диаграммалар, схемалар және т.б.), курстық жұмысты жазудың толық күнтізбелік графигінен тұрады.

Курстық жұмыстың тақырыбы бекітілгеннен кейін курстық жұмыстың тапсырмасын аяқталу мерзімін көрсетіп кафедра меңгерушісі бекітеді. Курстық жұмыстың тапсырмасы курстық жұмысқа тігіледі.

6.3.6 Түлек шығарушы кафедра курстық жұмыс бойынша жұмыс басталмай тұрып әдістемелік нұсқаулықтар жасап, студентті қаматамасыз ету керек. Бұл нұсқаулықта курстық жұмысқа қойылатын талаптар көрсетіледі.

6.3.7 Кафедра меңгерушісі курстық жұмысты орындау бойынша кезеңді есеп беру уақытын белгілейді. Осы уақытта студент ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі алдында жауап береді. Олар курстық жұмыстың дайындық дәрежесін анықтап, ол туралы кафедра меңгерушісіне мағлұмат береді.

6.3.8 Курстық жұмыс ББ бойынша әдебиеттерді (оқулықтарды, оқу құралдары, монографияларды, дәріс курстарын, журналдарды, соның ішінде шетел тіліндегі, нормативтік әдебиеттерді және т.б.). терең оқып меңгеру негізінде жасалады. Кез-келген курстық жұмыс тапсырмаға сәйкес перспективті теориялық және практикалық мәселелерді қамтуы керек.

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 9-беті

6.3.9 Курстық жұмыстың негізгі мәтіні шығармашылық ойын, зерттеу әдістерінің негіздемесін, есептеу әдістері мен компьютерлік технологиялар арқылы алынған есептеулерді, жүргізілген тәжірибелердің сипаттамаларын, оларды талдау мен қорытындыларын, нұсқаулардың техникалық-экономикалық салыстыруын толық ашып, иллюстрациялар, графиктер, эскиздер, диаграммалар, схемалар және т.б. өңделуі керек.

6.3.10 Жұмысты (жобаны) орындау процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

- тақырыпты таңдау және оны бекіту;
- жұмыс кестесін құру, басшымен келісу;
- таңдалған тақырып бойынша материалдарды жинау, талдау және жалпылау;
- негізгі теориялық ережелерді тұжырымдау;
- әдістер мен эксперименттік зерттеулерді таңдау;
- қорытындыларды, практикалық қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- курстық жұмыстың (жобаның) жазылуы мен дизайны, пайдаланылған әдеби көздердің тізімі, қосымшалар, демонстрациялық плакаттар (презентациялар), графиктер, диаграммалар, кестелер, суреттер;
- antiplagiat.vuz.ru бағдарламасында бірегейлікті тексеру;
- курстық жұмысты (жобаны) қорғауға есеп дайындау;
- қорғауға рұқсат алу;
- курстық жұмысты қорғау (жоба).

6.4 Курстық жұмыстың (жобаның) көлеміне, құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар

6.4.1 Курстық жұмыс студенттердің ББ қарай өз бетінше орындаған қолжазба түріндегі ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

6.4.2 Курстық жұмыстың көлемі компьютерде Word форматында дайындалған қосымшасыз 15-20 бетті құрауы тиіс. Қосымшалар көлемі шектелмеген.

6.4.3 Курстық жұмыстың (жобаның) графикалық бөлігінің көлемін кафедра анықтайды.

6.4.4 Курстық жұмыста (жобада) келесі құрылымдық элементтер болуы керек:

- мұқаба;
- титул парағы;
- курстық жұмысты (жобаны) орындауға тапсырма парағы;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім (практикалық бөлім кіреді);
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 10-беті

6.4.5 Титул парағын рәсімдеу мысалдары сәйкесінше А қосымшада көрсетілген.

6.4.6 Курстық жұмыстың мазмұнында кіріспе, барлық тараулар мен бөлімдердің рет сандары мен атаулары, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардың аталуы және курстық жұмыстың осы элементтеріне қатысты беттердің саны көрсетіледі.

6.4.7 Кіріспеде курстық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының негіздемесі, қарастырылып отырған ғылыми мәселенің қазіргі таңдағы жағдайының талдауы, сонымен қатар курстық жұмыстың зерттеудің мақсаты, міндеттері және нысандары, теориялық және әдістемелік негізі мен практикалық базасы көрсетілуі тиіс.

6.4.8 Курстық жұмыстың негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың маңызын, мазмұнын, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер келтіріледі. Курстық жұмыстың негізгі бөлімі, әдетте, тарауларға, бөлімдерге, параграфтарға бөлінеді.

6.4.9 Қорытынды бөлімде курстық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылары жасалып, қойылған міндеттердің орындалу дәрежесі анықталады және зерттеу нысаны бойынша нақты ұсыныстар беріледі.

6.4.10 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделеді.

6.4.11 Қосымшаға негізгі бөлімде көрсетілмеген курстық зерттеуге қатысты материалдар кіреді. Курстық жұмыстағы мәліметтердің дәлдігі.

6.5 Курстық жұмысты (жобаны) рәсімдеу ережелері

6.5.1 Курстық жұмыстың (жобаның) мәтіндік бөлігінің дизайны

6.5.1.1 Курстық жұмыс (жоба) баспа түрінде А4 ақ қағаз парағының бір жағында компьютер мен принтердің көмегімен бір интервалда орындалуы керек. TimesNewRoman қарпі - тұрақты, 14 өлшем.

6.5.1.1.1 Курстық жұмыстың (жобаның) мәтіні келесі жиектерді сақтай отырып басылуы керек: сол жақта - 30 мм, оң жақта – 15 мм, үстінде - 20 мм және төменде - 20 мм.

6.5.1.1.2 Соңғы бетте мұқабаның ішіне конверт немесе файл тігілген, онда плагиатқа қарсы өтуі туралы куәлік енгізілген.

6.5.1.1.3 Әр түрлі қаріптерін қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару үшін компьютер мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

6.5.1.2 Курстық жұмыстың (жобаның) орындалу әдісіне қарамастан, басылған мәтіннің сапасы мен иллюстрациялардың дизайны анық болуы керек.

6.5.1.3 Курстық жұмыстағы (жобадағы) фамилиялар, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың атаулары, өнім атаулары және басқа тиісті атаулар түпнұсқа тілінде беріледі.

6.5.1.4 Курстық жұмысты (жобаны) әдетте толық ақпарат бар 2-3 тарауларға оны бөлімдерге және бөлімшелерге бөлу керек.

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 11-беті

6.5.1.5 Курстық жұмыс тараулар мен бөлімдерге бөлінеді. Әрбір тарау мен бөлім толық қарастырылған бір ақпаратты қамтиды. Барлық тараудың аттары жалпы курстық жұмыс (жобаның) тақырыбын, ал бөлімдердің аты сәйкес тараудың тақырыбын ашып көрсету керек.

6.5.1.6 Курстық жұмыстың (жобаның) бөлімдерінде құжаттың барлық бөлігінде араб цифрларымен белгіленген сериялық нөмірлер болуы керек. Бөлімдер әр бөлімде нөмірленуі керек. Бөлім нөмірі нүктемен бөлінген бөлім мен кіші нөмірлерден тұрады. Бөлім нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер екі немесе одан да көп бөлімнен тұруы мүмкін.

6.5.1.7 Курстық жұмыстың (жобаның) әрбір тарау жаңа парақтан (беттен) басталуы керек. Бөлім арасында екі жол бар. Бір бөлімнің ішкі бөлімдері мәтіннен бір жолдық шегініспен бөлінген.

6.4.1.9 Бөлімдердің аттары абзац шегінісімен бас әріппен, соңында нүктесі жоқ, асты сызылмай терілуі тиіс.

6.4.1.9.1 Бөлімдердің атаулары бірінші әріптен басқа, кіші әріптермен шегініспен, соңында нүктесіз, астын сызбай басылуы керек. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді.

6.5.1.10 Курстық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементтерінің атаулары **«МАЗМҰНЫ», «КІРІСПЕ», «ҚОРЫТЫНДЫ», «ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ»** жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары ретінде қызмет етеді.

6.5.1.10.1 Курстық жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары бас әріппен жазылады, шрифт қалың.

Үлгі:

1 ӘДЕБИЕТТІ ШОЛУ

- 1.1
 - 1.2
 - 1.3
- } Құжаттың бірінші бөлімінің бөлімшелерінің нөмірленуі

2 ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ЗЕРТТЕУ

- 2.1
 - 2.2
- } Құжаттың екінші бөлімінің бөлімшелерінің нөмірленуі

6.5.1.12 **«МАЗМҰНЫ»** сөзі бас әріппен (мәтінге симметриялы) тақырып ретінде жазылады. Мазмұнға енгізілген атаулар бас әріптен басталып, кіші әріппен жазылады.

6.5.2 Курстық жұмыстың (жобаның) беттерін нөмірлеу

6.5.2.1 Курстық жұмыстың (жобаның) беттері мәтін бойынша үздіксіз нөмірленуді сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірленуі керек.

6.5.2.1.1 А4 форматындағы қағазға курстық жұмысты (жобаны) басып шығарғанда, бет нөмірі төменгі оң жақ бұрышқа нүктесіз қойылады.

6.5.2.1.2 Курстық жұмысты (жобаны) брошюра түрінде басып шығару кезінде бет нөмірі парақтың төменгі ортасына нүктесіз қойылады.

6.5.2.2 Бөлек парақтарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелер курстық жұмыстың (жобаның) жалпы беттерінің нөмірленуіне енгізілген.

6.5.2.3 А3 қағаздағы суреттер, кестелер бір бет ретінде есептеледі.

6.5.3 Иллюстрацияларды безендіру

6.5.3.1 Иллюстрациялар (сызбалар, бейнелер, карталар, графиктер, диаграммалар, плакаттар, шақырулар, диаграммалар, фотосуреттер) курстық жұмысқа (жобаға) олар бірінші рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек.

6.5.3.2 Иллюстрация саны ұсынылған мәтінді түсіндіру үшін жеткілікті болуы керек.

6.5.3.3 Иллюстрациялар түстерді қосқанда компьютерде болуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға курстық жұмыста (жобада) сілтеме жасалуы керек.

6.5.3.4 Курстық жұмысқа (жобаға) орналастырылған сызбалар, графиктер, диаграммалар, иллюстрациялар жобалау құжаттамасының бірыңғай жүйесінің мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

6.5.3.5 Иллюстрациялар, қосымшалардағы иллюстрацияларды қоспағанда, араб цифрларымен ретімен нөмірленуі керек. Егер бір ғана сурет болса, онда ол «Сурет 1» болып белгіленеді, «Сурет» сөзі мен оның аты жолдың ортасына қойылады.

6.5.3.6 Бөлім ішінде иллюстрацияларды нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда иллюстрация нөмірі бөлік нөмірінен және нүктемен бөлінген иллюстрациялардың реттік нөмірінен тұрады. Мысалы: 1.1 -сурет.


6.5.3.7 Иллюстрацияларға сілтеме жасағанда, «... 2 -суретке сәйкес» үздіксіз нөмірленумен, ал «... 1.2 -суретке сәйкес» бөлімнің ішінде нөмірленумен жазыңыз.

6.5.3.8 Иллюстрациялар қажет болған жағдайда атауы мен түсіндірме деректері болуы мүмкін (сурет мәтіні).

«Сурет» сөзі мен оның атауы түсіндірме мәліметтерден кейін орналастырылады және келесі түрде орналасады,

Мысал:

6-суретте топырақтың ылғалдылығы 50% және температурасы 30⁰С кезінде мұнаймен ластанған топырақтар үшін микроорганизмдер санының өсуінің кинетикасы көрсетілген.



Қысқyk белгілер: 1,2 - бактериялар; 3,4 - актиномицеттер; 5,6 - саңырауқұлақтар
1,3,5 - 0.1% топырақтағы мұнай; 2,4,6 - 10% топырақтағы мұнай.

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 13-беті

Сурет 6. Топырақтың ылғалдылығы кезінде мұнаймен ластанған топырақтар үшін микроорганизмдер санының өсуінің кинетикасы.

6.5.4 Кестенің құрылуы

6.5.4.1 Кестелер көрсеткіштерді жақсырақ түсіну және салыстыруды жеңілдету үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі керек, дәл және қысқа болуы керек. Кестенің аты кестеден жоғары «кесте» сөзінен кейінгі жолда абзацтан бастап жазылу керек..

6.5.4.2 Кесте көлеміне қарай оған сілтеме бірінші берілген мәтіннің астына немесе келесі бетте, ал қажет болған жағдайда қосымшада орналастырылады.

6.5.4.3 Курстық жұмыста (жобада) барлық кестелерге сілтеме жасалуы керек. Байланыстыру кезінде оның нөмірін көрсете отырып, «кестені» жазу керек.

Кесте дизайнының мысалы:

1-кестеде топырақтың мұнаймен ластану дәрежесінің абorigендік микрофлораның сандық құрамына әсері көрсетілген.

Кесте 1

Мұнаймен топырақтың ластану дәрежесінің абorigендік микрофлораның сандық құрамына әсері

Үлгі нөмірі және топырақ түрі	Май мөлшері, %	lg жасуша концентрациясы, CFU / г		
		бактериялар	актиномицеттер	саңырауқұлақтар
1	2	3	4	5
10 сұр-қоңыр	0,1	6,1	6,5	7,1
	1	6,7	7,1	7,3
	5	7,8	7,1	8,2
	7	7,7	6,7	8,0
	10	5,6	5,0	6,3

6.5.4.4 Сызықтары көп кестені басқа параққа (бетке) ауыстыруға болады. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) ауыстыру кезінде «Кесте» сөзі мен оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің үстінде, сол жақта бір рет көрсетіледі, басқа бөліктердің үстінде кесте нөмірі және «Жалғасы» сөзін жазады, мысалы: «1-кестенің жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) ауыстыру кезінде тақырып тек оның бірінші бөлігінің үстіне қойылады. Кестенің бір бөлігін беру кезінде кестені шектейтін төменгі көлденең сызық жүргізілмейді.

Мысал:

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
15 сұр-қоңыр	0,1	6,1	6,5	7,1
	1	6,7	7,1	7,3
	5	7,8	7,1	8,2

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 14-беті

6.5.4.4.1 Бағандар саны көп кестені қосымшаға шығарған жөн.

6.5.4.5 Егер кестенің әр түрлі жолдарында (бағандарында) қайталанатын мәтін бір сөзден тұрса, онда бірінші рет жазылғаннан кейін оны тырнақшамен алмастыруға рұқсат етіледі; егер екі немесе одан да көп сөзден болса, бірінші қайталауда оның орнына «Дәл сондай» сөзі жазылып, ары қарай тырнақша қойылады. Қайталанатын сандарды, белгілердің, белгілердің, математикалық және химиялық белгілердің орнына тырнақша қоюға болмайды. Егер сандық немесе басқа мәліметтер кестенің кез келген жолында берілмесе, онда оған сызықша қойылады.

6.5.4.6 Кестелер, қосымша кестелерді қоспағанда, араб цифрларымен ретімен нөмірленуі керек.

6.5.4.7 Бөлім ішіндегі кестелерді нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда кесте нөмірі нүкте арқылы бөлінген кестенің бөлім нөмірі мен реттік нөмірінен тұрады. Мысалы: «1.1 кесте».

6.5.4.8 Кестенің бағандары мен жолдарының тақырыптары бірінші бас әріптен басқа, кіші әріптермен, ал графтың ішкі тақырыптары - кіші әріптермен жазылуы керек. Кестелердің тақырыптары мен тақырыпшаларының соңында нүктелер қойылмайды.

6.5.4.9 Кестелер әдетте сол жақта, оң жақта және төменгі жағында сызықтармен шектеледі. Қаріп өлшемін кестеде мәтінге қарағанда кішірек қолдануға рұқсат етіледі.

Әдетте, графикалық тақырыптар кесте жолдарына параллель жазылады. Қажет болған жағдайда бағандар тақырыптарының перпендикуляр орналасуына рұқсат етіледі. Кесте басы кестенің қалған бөлігінен сызықпен бөлінуі керек.

6.5.4.10 «Ескерту» сөзі абзацтағы бірінші бас әріптен басқа, кіші әріптермен басылып, асты сызылмауы керек.

Ескертулер курстық жұмыста (жобада) беріледі, егер сізге мәтіннің, кестелердің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсініктеме немесе анықтамалық деректер қажет болса.

Ескертпелер мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе осы ескертулер берілген кестеге бірден қойылуы керек. Егер бір ғана жазба болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылады және бірінші бас әріптен басқа жазба кіші әріптермен басылады. Бір ескертпе нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер араб цифрларымен нүктесіз нөмірленеді. Кестеге жазба кестенің соңын көрсететін сызықтың үстіне қойылады.

Мысал:

Длина винта	
Номин.	Пред.откл.
(18)	$\pm 0,43$
20	$\pm 0,52$
(21)	
25	
Примечание – Размеры, заключенные в скобки, не рекомендуются	

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 15-беті

6.5.5 Формулалар мен теңдеулер

6.5.5.1 Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек жолда бөлу керек. Әр формуланың немесе теңдеудің үстінде және астында кемінде бір бос жол қалдыру керек. Егер теңдеу бір жолға сәйкес келмесе, онда оны теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), минус (-) белгілерінен, көбейту (x), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін жазу керек, және басындағы белгі келесі жолда қайталанады.

6.5.5.2 Символдар мен сандық коэффициенттердің мағынасын түсіндіру олар формулада берілген ретпен тікелей формуланың астында берілуі керек.

6.5.5.3 Курстық жұмыстағы (жобадағы) формулалар реттік нөмірлену арқылы бүкіл жұмыс бойынша араб цифрларымен жақшалармен бір жолда шеткі оң жақта орналасуы керек.

Мысал:

$$A = a : b \quad (1)$$

$$B = c + d \quad (2)$$

6.5.5.4 Мәтіндегі формулалардың реттік нөмірлеріне сілтеме жақша ішінде беріледі.

Мысал (1) формулада келтірілген.

6.5.5.5 Бөлім ішіндегі формулаларды нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда формула нөмірі нүкте арқылы бөлінген бөлім нөмірі мен формуланың реттік нөмірінен тұрады, мысалы (3.1).

6.5.6 Қолданылған әдебиеттерге сілтеме

6.5.6.1 Әдебиеттер туралы ақпарат курстық жұмыстың (жобаның) мәтінде дереккөздерге сілтеме пайда болу ретімен орналасуы керек.

6.5.6.2 Қолданылған әдебиеттерге сілтеме төртбұрышты жақшада берілуі керек, мысалы: [1].

6.5.6.3 Қолданылған әдебиеттер тізімі нүктесіз араб цифрларымен нөмірленіп, абзацпен басылуы керек (**В қосымшасы**).

6.5.6.4 Әр дереккөздің библиографиялық сипаттамасы ГОСТ 7.1-2003 сәйкес келуі керек.

6.5.7 Қосымшалар

6.5.7.1 Қосымшалар курстық жұмыстың (жобаның) жалғасы ретінде оның келесі беттерінде қолданыстағы стандарттарда белгіленген ережелер мен формаларға сәйкес ресімделеді.

6.5.7.1.1 Құжат мәтінін толықтыратын материал қосымшаларға орналастырылуы мүмкін.

6.5.7.2 Курстық жұмыстың (жобаның) мәтінде барлық қосымшаларға сілтеме жасалуы керек. Қосымшалар мәтінде оларға сілтеме ретімен орналастырылған.

6.5.7.3. Қосымшалар Ё, З, И, О, Ч, Ъ, Ы, Ъ әріптерін қоспағанда, А -дан басталатын орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді. «Қолдану» сөзінен кейін оның ретін көрсететін әріп келеді.

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Курстық жұмысты (жоба) жазуға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар туралы ережесі	35 беттің 16-беті

6.4.7.4 Қосымшалар курстық жұмыстың (жобаның) қалған бөлігімен ортақ дәйекті беттерге ие болуы керек.

6.5.7.5 Қосымшалар әдетте, А4 парақтарында орындалады. Қосымшалар ГОСТ 2.301 сәйкес А3, А4 3, А4 4, А2 және А1 парақтарында рәсімдеуге рұқсат етіледі.

6.5.7.6 Барлық Қосымшалар курстық жұмыстың (жобаның) мазмұнында (бар болса), олардың нөмірлері мен атауын көрсете отырып жазылуы тиіс.

6.5.7.7 Қосымшалар міндетті және анықтамалық болуы мүмкін. Міндетті қосымшаларда міндетті болып табылатын талаптар бар.

6.5.7.7.1 Әр қосымша жаңа беттен басталуы керек, онда «Қосымша» сөзі және оның белгіленуі беттің жоғарғы жағында, ал оның астына жақшада міндетті тіркеме үшін «міндетті» сөзі жазылады.

6.5.7.7.2 Қосымшада бірінші бас әріптерді қоспағанда, кіші әріптермен мәтінге қатысты симметриялы түрде жазылатын айдар болады.

6.6 Курстық жұмысты плагиатқа тексеру тәртібі

Академиялық адалдық оқыту процесінің негізгі қағидаты болып табылады. Плагиатты болдырмау үшін білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлері (бақылау, эссе, курстық, дипломдық, диссертациялық) антиплагиат бағдарламасы пайдаланылып тексерістен өтеді.

6.6.1 Курстық жұмысты плагиатқа тексерудің мақсаты – білім алушылардың өз бетімен және ғылыми-зерттеу жұмыстарының үрдісін жетілдіру, студенттердің ғылыми деңгейін арттыру, ақпараттық құзыреттілігі мен өзіндік менеджмент құзыреттілігін дамыту, әдебиетпен мінсіз жұмыстану мен ғылыми еңбекке таза көқарас қалыптастыру және ғылыми этиканы сақтау.

6.6.1 Студенттердің курстық жұмыстарын орындау кезінде авторлық құқық бұзушылыққа байланысты қарым-қатынасын реттейді.

6.6.3. Жазбаша жұмыстарды орындау кезінде студент жеке ізденіс пен талдау негізінде ақпаратпен жұмыстың ғылыми әдістерін қолдана отырып мәтін құру керек. Басқа адамның идеясы мен мәтінін қолданған жағдайда, курстық жұмыстарды дайындау және рәсімдеу туралы бекітілген ережеге сәйкес студент қолданылған материалға сілтеме жасауы тиіс.

6.6.4. Осы ережемен реттелетін академиялық нормаларды бұзушылыққа келесі жатады:

- жазба жұмыстарында басқа автордың мәтіні мен идеясын (плагиат) сілтемесіз қолдану;
- материал мен жұмыс нәтижелерін фабрикациялау.

6.6.5. Плагиат екі түрде жүзеге асады:

- өзгенің мәтінін сөзбе-сөз баяндау;
- астарлап айту – бөгде мәтінді мағынасын сөздер мен сөйлемдерді ауыстыру арқылы баяндау.

6.6.6. Курстық жұмыстарды қорғау бойынша комиссия жұмысы басталардан 1 апта бұрын студент курстық жұмысын өтінішпен бірге

	«Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
